

## Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрлігі туралы ережені бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 23 мамыр N 876. Күші жойылды - ҚРҮ-нің 1997.11.20. N 1622 қаулысымен

"Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының жүйесін реформалау жөніндегі кезекті шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 4 наурыздағы N 3377 Жарлығының U973377\_ негізінде Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған:

Қазақстан Республикасы Экология және биоресурстар министрлігі туралы ереже;

Қазақстан Республикасы Экология және биоресурстар министрлігінің карауындағы мекемелер мен ұйымдардың тізбесі бекітілсін.

2. "Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрлігі туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 14 қарашадағы N 1385 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 1996 ж., N 46, 447-құжат) күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1997 жылғы 23 мамырдағы  
N 876 қаулысымен  
бекітілген

Қазақстан Республикасының Экология және  
биоресурстар министрлігі (Экобиоресурстармині) туралы  
ЕРЕЖЕ

## I. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрлігі (бұдан әрі - Министрлік) қоршаған ортаны қорғау мен табиғат ресурстарын пайдалануға мемлекеттік ведомстволық басқару мен бақылаудың, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағындағы табиғи ортаның гидрометеорологиясы мен мониторингі жөніндегі орталық атқарушы орган болып табылады.

2. Министрлік аумақтық органдар мен ведомство қарамағындағы мекемелер мен ұйымдарды басқарады.

3. Министрлік өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің актілері мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулыларын, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімдерін, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

4. Министрлік және оның аумақтық органдарының өз құзыреті шегінде қабылдаған шешімдері Қазақстан Республикасының барлық министрліктерінің, мемлекеттік комитеттері мен өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдарының, ұйымдарының, олардың ведомстволық бағыныштылығы мен меншік нысанына қарамастан жеке және заңды тұлғалардың орындауы үшін міндетті болып табылады.

5. Министрлік заңды тұлға болып табылады, оның Қазақстан Республикасының Мемлекеттік бюджеттік банкінде бюджеттік және ағымдағы шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген, өз атауы қазақ және орыс тілдерінде жазылған мөрі бар.

6. Министрліктің орталық аппаратының құрылымы мен штаттағы адам санын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

7. Министрлік пен оның құрылымдық бөлімшелерінің қызметін қаржыландыру және оларды материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз ету республикалық бюджетте көзделген қаражат есебінен жүзеге асырылады.

## II. Негізгі міндеттері

8. Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрлігінің негізгі міндеттері:

қоршаған ортаны қорғау мен табиғат ресурстарын пайдалану, табиғи ортаның гидрометеорологиясы мен мониторингі саласында бірыңғай мемлекеттік саясатты жүргізу;

қоршаған ортаны қорғауға, биологиялық ресурстардың ұлғайтылуы мен пайдаланылуына, Қазақстан Республикасының экологиялық заңдары талаптарының орындалуына мемлекеттік және ведомстволық бақылауды

ұйымдастыру мен жүзеге асыру;

қоршаған ортаны қорғау, табиғат ресурстарын ұтымды пайдалану табиғи ортаның гидрометеорологиясы мен мониторингі саласында бірыңғай ғылыми-техникалық саясатты жүргізу;

экономика салалары мен мемлекеттік басқару органдарын гидрометеорологиялық жағынан қамтамасыз етілуін ұйымдастыру мен жүзеге асыру;

мемлекеттік экологиялық сараптаманы жүзеге асыру; қоршаған ортаны қорғау жөнінде жоспар және болжамдар, табиғи ресурстардың ұлғайтылуы мен ұтымды пайдаланудың мақсатты бағдарламасын әзірлеу;

қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды пайдалану жөніндегі республикалық бюджет құрылымы мен заң актілерінің жобасы бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына ұсыныс енгізу;

экологиялық білім мен мәдениет деңгейін көтеру және насихаттау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру;

Қазақстан Республикасының экология және биоресурстар министрлігі жүйесі қызметкерлерінің біліктілігін арттыруды ұйымдастыру, үздіксіз экологиялық білім беру жүйесінің дамытылуына жәрдемдесу;

қоршаған ортаны қорғау, табиғат ресурстарын пайдалану, табиғи ортаның гидрометеорологиясы мен мониторингі саласында халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру болып табылады.

### ІІІ. Функциялары

9. Өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрлігі:

а) қоршаған ортаны қорғау және табиғат ресурстарын ұтымды пайдалану, табиғи ортаның гидрометеорологиясы мен мониторингі, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мен объектілердегі ғылыми қызмет саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастырады;

б) мемлекеттік және аумақтық экологиялық бағдарламалардың жасалуын ұйымдастырады әрі олардың орындалу барысын бақылайды;

в) табиғатты пайдаланудың экономикалық тетігін жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізеді;

г) табиғатты қорғау заңдарының қолданылу практикасын талдап, қорытады, оларды жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлейді, заңдылық және өзге де нормативтік-құқықтық актілері жобаларының әзірленуіне қатысады, оларды Үкіметтің қарауына енгізеді;

д) халықаралық шарттар мен келісімдер жобаларын әзірлеуге қатысады;

е) республиканың өзендерінде, су қоймаларында, басқа да су тоғандарында және ішкі теңіз суларында өз құзыреттері шегінде кішігірім кемелердің дұрыс пайдаланылуына қадағалау ұйымдастырады;

е) мемлекеттік экологиялық бақылау, биологиялық ресурстарды қорғау, ұлғайту мен пайдалану, табиғи ортаның гидрометеорологиясы мен мониторингі саласындағы жұмыстардың үйлестірілуін жүзеге асырады;

ж ) м ы н а л а р ғ а :

жоспарлау, жоспарлау алдындағы және жобалау алдындағы құжаттамалардың барлық түрлеріне, өндіргіш күштерді дамыту мен орналастыру болжамдары мен схемаларының жобаларына, экологиялық және өзге де бағдарламаларға, қызметтің негізгі бағыттарының тұжырымдамаларына, меншік түрінің өзгеруіне қатысты мемлекеттік шарттарға, контрактілерге және жекешелендірудің басқа да түрлеріне;

аумақтарды экологиялық жағынан оңалту мен жерді қалпына келтіру жобаларын қосқанда, суды, орманды, жер, өзге де табиғат ресурстарын қорғау мен пайдаланудың кешенді схемаларына;

кәсіпорындарды, объектілер мен кешендерді, үйлер мен ғимараттарды орналастыруға, салуға, қайта жаңартуға, дамытуға, техникалық жағынан қайта жарақтандыруға, қайта бейімдеуге, жоюға арналған техникалық-экономикалық негіздемелері (есептеулері) мен жобаларына, жануарлар мен өсімдіктер дүниесі ресурстарын өндіру мен пайдалануға арналған биологиялық негіздемелерге;

жаңа техникаға, технологияларға, материалдар мен заттарға, соның ішінде шет елдерден сатып алынатындарына қойылатын экологиялық талаптарды негіздейтін құжаттамаға, табиғи ресурстарды тартып алуға (пайдалануға) рұқсаттамалар (лицензиялар) беруді негіздейтін құжаттамаға;

шаруашылық қызметін жүзеге асыру кезінде қоршаған орта мен халықтың денсаулығын қорғау (экологиялық аудит) жөніндегі талаптардың табиғаты пайдаланушылар тарапынан орындалуын бағалау материалдарына;

шаруашылық немесе өзге де қызметті жүзеге асырған кезде экологиялық, соның ішінде радиациялық қауіпсіздікті, қоршаған ортаны қорғау мен табиғат ресурстарын ұтымды пайдалануды қамтамасыз етуге қатысты заңдылық, нормативтік-құқықтық, нормативтік-техникалық және нұсқамалық-әдістемелік актілердің жобаларына ;

қауіпті табиғи құрылыстардың, шаруашылық немесе өзге қызметтің нәтижесінде пайда болған аймақтағы экологиялық ахуалды тексеру материалдарына ;

бақылаушы органдар мен жергілікті өкілді және атқарушы органдардың шешіміне сәйкес қоршаған ортаның жағдайын зиянды әсер етіп отырған қазіргі кәсіпорындардың әрекетін бағалау жөніндегі құжаттамаға;

Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы органының шешімі бойынша өзге де материалдар мен құжаттамаларға;

мемлекеттік экологиялық сараптаманы ұйымдастырып, жүргізеді.

## I V . Қ ұ қ ы ғ ы

### 10. Министрліктің мыналарға:

министрліктерден, мемлекеттік комитеттерден және өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдармен ұйымдардан, сондай-ақ меншік нысанына қарамастан, заңды және жеке тұлғалардан қоршаған табиғи орта мен табиғат ресурстарын пайдалану мәселелері бойынша мемлекеттік экологиялық саясатты жүзеге асыру үшін қажетті ақпараттарды алуға;

өз құзыры шеңберінде табиғатты қорғау талаптарын бұзушыларды жауапкершілікке тарту жөнінде шаралар қолдануға;

шаруашылық және өзге де қызметті, оның ішінде табиғат қорғау заңдарында белгіленген талаптарды орындамаған объектілерді жобалауды, салуды, қайта жаңартуды, іске қосуды, пайдалануды шектеуге тоқтата тұруға және тыйым салуға ;

табиғатты қорғау заңдары талаптарының бұзылуы туралы істер бойынша соттық қаралымдарда талапкер және жауапкер болуға;

жануарлар дүниесін пайдаланушылармен шарттар жасасуға;

суларды арнайы пайдалануына, Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тізбе бойынша экологиялық жағынан қауіпті заттарды және табиғат ресурстарының жекелеген түрлерін Қазақстан Республикасына әкелуіне және одан тысқары әкетілуіне рұқсаттамалар берілуіне мүдделі министрліктерге, мемлекеттік комитеттерге және өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдарға келісім беруге ;

өз құзыры шегінде қоршаған ортаны қорғау және табиғат ресурстарын пайдалану мәселелері жөнінде лауазымды адамдар, заңды және жеке тұлғалар, соның ішінде шетелдіктер де орындау үшін міндетті нормативтік-құқықтық актілерді және әдістемелік құжаттарды, нұсқаулықтар мен ережелерді әзірлеп, бекітуге ;

қоршаған ортаны қорғау саласындағы ғылыми-зерттеу, жобалау-іздістіру және кешенді сипаттағы басқа да жұмыстардың мемлекеттік тапсырыс берушісі болуына ;

министріктермен, мемлекеттік комитеттермен, өзге де орталық атқарушы органдарымен және облыстардың әкімдерімен бірлесе отырып табиғи және антропогендік әрі өзге де факторлардан туындаған табиғи гидрометеорологиялық құбылыстар мен табиғи орта жағдайының басқа да өзгерістері зардаптарының

т е к с е р і л у і н е

қ а т ы с у ғ а ;

гидрометеорология саласындағы проблемалар жөнінде консультациялар беру, оларды зерделеу мен шешу үшін және табиғи ортаның жағдайын байқау үшін ғалымдарды, мамандар мен сарапшыларды тартуға;

республикалық қоршаған ортаны қорғау қорының қаражатын белгіленген тәртіппен қалыптастыруға және жұмсауға, жергілікті қоршаған ортаны қорғау қорлары қаражатының және басқа да қаражаттың нысаналы түрде пайдаланылуын бақылауға құқығы бар.

## V. Қызметті ұйымдастыру

11. Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрлігі мен оның аумақтық органдары Қазақстан Республикасы Экология және биоресурстар министрлігінің бірыңғай жүйесін құрайды.

12. Мемлекеттік экологиялық бақылауын, сондай-ақ жануарлар дүниесін (соның ішінде балықтар мен басқа да су жануарларын) қорғау, ұлғайту мен пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылауды тікелей жүзеге асыратын министрлік жүйесінің қызметкерлері айырым белгілері бар киім-кешекпен және бірыңғай үлгідегі қызметтік куәліктерімен қамтамасыз етіледі.

13. Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрлігін Министр басқарады, Министрді Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті лауазымға тағайындайды және лауазымнан босатады.

Министрдің орынбасары - Вице-Министр болады, оны Министрдің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі лауазымға тағайындайды және лауазымнан босатады.

14. Вице-Министр Министр болмаған уақытта орнын басады, Министр оған жүктеген министрліктің орталық аппаратындағы және ведомстволар қызметін үйлестіріп, өзге де міндеттерді жүзеге асырады.

### 15. Министр :

министрліктің қызметін ұйымдастырып, оған басшылық етеді және министрлікке жүктелген міндеттердің орындалуына әрі оның өз функцияларын жүзеге асыруына дербес жауап береді;

өз орынбасарының, агенттіктер директорларының және орталық аппараттың құрылымдық бөлімдері басшыларының міндеттері мен өкілеттік аясын белгілейді ;

бұйрықтар шығарады, нұсқаулар береді, олардың орындалуын тексереді;

Қазақстан Республикасы Экология және биоресурстар министрлігі орталық аппаратының штаттық кестесін, облыстық экология және биоресурстар басқармаларының құрылымдары мен олар туралы ережелерді бекітеді;

министрліктің орталық аппаратының белгіленген адам саны және қызметкерлерге еңбек ақы төлеу қоры шегінде үстемелердің, сыйлықтардың және ынталандыру сипатындағы басқа да төлемдердің мөлшерін белгілейді; бөлімшелердің есептерін және министрлік жүйесі бойынша балансты бекітеді әрі қызмет нәтижелері бойынша қажетті шешімдер қабылдайды;

Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Министрліктің орталық аппаратының қызметкерлерін, облыстық, Алматы қалалық экология және биоресурстар басқармалары басшыларын, орынбасарларын, биоресурстарды қорғау, ұлғайту мен пайдалану жөніндегі бассейндік (облысаралық) басқармаларының бастықтарын, ғылыми және өндірістік ұйымдардың басшылары мен олардың орынбасарларын лауазымға тағайындайды және одан б о с а т а д ы ;

Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

16. Биологиялық ресурстарды мемлекеттік экологиялық бақылау, қорғау, ұлғайту және пайдалану жөніндегі агенттіктің директоры қоршаған ортаны қорғау жөніндегі Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік инспекторы, облыстық /қалалық/ биологиялық ресурстарды мемлекеттік экологиялық бақылау , қорғау, ұлғайту және пайдалану жөніндегі эковиоресурстар басқармаларының бастықтары тиісінше облыстың /қаланың/ бас мемлекеттік инспекторлары болып т а б ы л а д ы .

17. Министрліктің лауазымы бойынша сараптама бөлімшесінің жетекшісі Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік экологиялық сарапшысы болып табылады. Сараптама бөлімшелерінің жетекшілері ауданның, қаланың, облыстың бас мемлекеттік экологиялық сарапшылары

болып табылады.

18. Министрлік жанынан консультациялық-кеңесші орган - алқа құрылады, оның шешімдері Министрдің бұйрықтарымен іске асырылады. Алқаның сандық құрамын Үкімет бекітеді. Алқаның дербес құрамын Министр бекітеді.

19. Қоршаған ортаның келелі мәселелерін қарау мақсатында министрлік ғылыми-техникалық кеңес, мемлекеттік экологиялық сараптама кеңесін, басқа да кеңестер мен жұмыс топтарын құрады.

Кеңестер туралы ережелерді және олардың дербес құрамын Министр бекітеді.

Үкіметінің  
1997 жылғы 23 мамырдағы  
N 876 қаулысымен  
бекітілген

Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар  
министрлігінің жүйесіне кіретін мекемелер  
мен ұйымдар  
ТІЗБЕСІ

"Қазмеханобр" қолданбалы экологияның мемлекеттік  
ғылыми-өндірістік бірлестігі, Алматы қаласы  
Кішігірім кемелер жөніндегі мемлекеттік инспекциясы  
"Атамекен" газетінің редакциясы  
"Экологический курьер" газетінің редакциясы